

«Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ
Директорлар Кеңесі
БЕКІТКЕН
2025 жылғы 01 сәуірдегі No 09/25 хаттама

«BASEL» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ АҚ
ШЕТЕЛГЕ ШЫҒАТЫН ТҰЛҒАЛАРДЫ
ЕРІКТІ ТҮРДЕ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы қ., 2025 ж.

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы қағидалар мен ұғымдар
2. Сақтандыру нысаны
3. Сақтандыру субъектілері
4. Ұғымдар мен медициналық көрсетімдерді анықтау
5. Сақтандыру жағдайы. Сақтандыру жағдайларының тізбесі
6. Сақтандыру жағдайларына кірмейтін жайттар және сақтандыруды шектеу. Сақтандырушыны сақтандыру төлемінен босату негіздері
7. Сақтандыру сомаларын белгілеу тәртібі
8. Сақтандыру сыйақысын анықтау тәртібі
9. Сақтандыру шартын жасау тәртібі
10. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ
11. Тараптардың құқықтары мен міндеттері
12. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің арту салдары
13. Сақтандыру жағдайы туындаған кездегі Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) әрекеттері
14. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы мәселені қарау үшін қажетті құжаттар
15. Сақтандыру төлемдерін төлеу тәртібі мен талаптары
16. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары
17. Тараптардың жауапкершілігі
18. Дауларды шешу тәртібі
19. Қосымша шарттар

1. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР МЕН ҰҒЫМДАР

- 1.1. Шетелге шығатын тұлғаларды ерікті түрде сақтандырудың осы Қағидалары (бұдан әрі Қағидалар) «Basel» сақтандыру компаниясы акционерлік қоғамы (бұдан әрі Сақтандырушы) шетелге шығатын тұлғаларды ерікті түрде сақтандыратын шарттарды регламенттейді. Шетелге шығатын тұлғаларды сақтандыру шарты заңды (меншік нысандарына қарамастан) және әрекетке қабілетті жеке тұлғалармен (бұдан әрі Сақтанушы) жасалады.
- 1.2. Осы Қағидалар ауру және жазатайым оқиға жағдайына сақтандыру класы аясында әзірленген.
- 1.3. Осы Қағидаларда келесі ұғымдар қолданылады:
 - 1) **Сақтанушы** – азаматтығына қарамастан кәмелет жасқа толған әрекетке қабілетті жеке тұлға немесе резиденттікке қарамастан, сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан заңды тұлға;
 - 2) **Сақтандырылған тұлға** – оған қатысты Сақтанушы Сақтандыру шартын жасайтын әрекетке қабілетті жеке тұлға;
 - 3) **Пайда алушы** - Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болатын тұлға;
 - 4) **сақтандыру сыйақысы** – Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандыру шартына сәйкес (сақтандыру төлемі) сақтандыру төлемін төлеу міндеттемелерін Сақтандырушы қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;
 - 5) **сақтандыру сомасы** – сақтандыру нысаны сақтандырылған және сақтандыру жағдайы туындаған кезде Сақтандырушының шектік жауапкершілік көлемі болатын ақша сомасы;
 - 6) **сақтандыру төлемі** – Сақтандырушы сақтандыру жағдайымен келтірілген шығындарды өтеу үшін сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;
 - 7) **франшиза** – сақтандыру шарттарымен көзделген Сақтандырушыны белгілі мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату. Франшиза шартты (шегерілмейтін) және шартсыз (шегерілетін) болады. Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден босатылады, бірақ оның мөлшері бұл сомадан көп болса, ол залалды толық өтеуі тиіс. Шартсыз франшиза кезінде залал барлық жағдайда белгіленген соманы шегере отырып өтеледі. Франшиза сақтандыру сомасының пайызымен не болмаса абсолют мөлшерде белгіленеді. Сақтандыру бағдарламаларымен (компанияның ішкі құжаты) орнатылады
 - 8) **сақтандыру жағдайы** – туындаған кезде Сақтандыру шарты сақтандыру төлемінің жүзеге асырылуын көздейтін оқиға;
 - 9) **сервистік компания/ Ассистанс /Сақтандырушы өкілі** – Сақтандырушымен Ынтымақтастық туралы шарттың негізінде Сақтанушы таңдаған уақытша болатын елдегі сақтандыру бағдарламасына сәйкес медициналық және басқа қызметтерді көрсету және ұйымдастыру бойынша қызметтерді жүзеге асыратын заңды тұлға;
 - 10) **сақтандыру полисі** – Сақтандырушыны осы Қағидаларға қосу арқылы Сақтандыру шартын жасасқан жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыға беретін құжат. Осы Қағидаларда қолданылатын Сақтандыру шарты және Сақтандыру полисі ұғымдары бірдей мәнде қолданылады және Сақтандырушы мен Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) арасындағы қарым-қатынастарды, сақтандыру сыйақысының мөлшерін, тәртібін және төлеу мерзімдерін, сақтандыру төлемінің сомаларын,

тәртібін, мөлшерлері мен мерзімдерін, сондай-ақ басқа сақтандыру шарттарын регламенттейді.

- 11) **Кенет ауру** – сақтандыру арқылы қорғау әрекет еткен кезеңде туындаған, Сақтандырылған тұлғаның денсаулығына келтірілетін алдағы залалды немесе оның өміріне төнетін қауіпті болдырмау мақсатында жедел медициналық әрекетті қажет ететін, ағза функцияларында түрлі бұзылыс формаларының, соның ішінде жарақаттардың туындауымен сипатталатын Сақтандырылған тұлға денсаулығының жіті және күтпеген бұзылысы;
- 12) **медициналық жеткізуші** – Сақтандырушының сервистік компаниясы Сақтандырылған тұлғамен ақылы қызмет көрсету Шартын жасасқан медициналық көмек көрсету үшін лицензиясы бар заңды немесе жеке тұлға;
- 13) **аурухана** – төмендегідей емдеу-профилактикалық мекемесі:
 - науқастарға немесе жарақаттанған адамдарға күтім жасауды және емдеуді қамтамасыз етеді;
 - диагностикалық, хирургиялық және т.б. бөлімшелері бар;
 - аттестатталған мейірбикелердің 24 сағат бойы күтім жасауын қамтамасыз етеді;
 - бір немесе бірнеше дәрігер жетекшілік етеді.
 - мемлекеттік лицензиялар шеңберінде жұмыс істейді
- 14) **ауруханаға жатпайтындар**:
 - перзентханалар, жоспарлы шұғыл араласудан кейін және созылмалы ауруларды емдеуден кейін оңалтудан өтетін емделушілерге арналған бөлімшелер, гериатрия бөлімшелері;
 - шипажайлар, демалыс үйлері, қарттар үйлері.
- 15) **ауру** – функционалдық немесе (және) морфологиялық өзгерістермен негізделген Сақтандырылған тұлға ағзасының қалыпты тіршілік әрекетінің бұзылуы;
- 16) **медициналық қызметтер** – бұл білікті медициналық көмек көрсетумен байланысты қызметтер;
- 17) **медикаменттер** – дәрігер тағайындайтын, ауруларды диагностикалау және емдеу үшін қолданылатын дәрі түріндегі (таблеткалар, капсулалар, ерітінділер, жақпамайлар, вакциналар және т.б.) синтетикалық немесе табиғи жолмен алынған зат немесе заттар қоспасы.
- 18) **сақтандыру аумағы** – Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру бойынша қорғанысының күші қолданылатын аумақ;
- 19) **сапар** – демалыс, оқу, жұмыс сапары, туризм, жарыстарға қатысу және т.б. мақсатында Қазақстан Республикасынан шет елге шығу;
- 20) **туыстар** – жұбайы (зайыбы), ата-аналар, балалар, асырап алушылар, асырап алғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері;
- 21) **дәрігер** – медицина саласындағы маманның сертификаты, сондай-ақ медициналық қызметтің белгілі түрін жүзеге асыруға лицензиясы бар медициналық жұмыскер;
- 22) **спорт** – ағзаны дамыту мен нығайтуға арналған физикалық жаттығу кешендері, мұндай жаттығулар мен кешендер бойынша жарыстар, сондай-ақ мұндай жарыстарды ұйымдастыру және өткізу жүйесі;
- 23) **медициналық эвакуация** – Қазақстан Республикасының ең жақын әуежайының бақылау-өткізу пунктіне дейін сүйемелдейтін тұлғаның шығындарын да қарастыратын (егер мұндай сүйемелдеуді дәрігер орындаса) Сақтандырылған тұлғаны шетелден (сақтандыру аумағынан) тасымалдау.

- 24) **Сақтандырушының шығындары** - Сақтандырылған тұлғаның тұрақты тұратын елінен/азаматтығынан тыс жерде туындайтын, жағдайды (ауруды) диагностикалауға, білікті тәжірибелі дәрігер көрсеткен немесе тағайындаған терапевтік немесе хирургиялық емдеуге байланысты туындайтын, Сақтандырылған тұлғаның өзінің тұрақты тұратын еліне/азаматтығына оралғанға дейін дәрі-дәрмек сатып алуға, стоматологиялық көмек көрсетуге, стоматологиялық көмекке оралуға дейін кешіктірілмейтін сөзсіз, қажетті шығындар қайтыс болған Сақтандырылған тұлғаның мәйіттері тұрақты тұратын еліне, зардап шеккен Сақтандырылған тұлғаны медициналық қызметкердің сүйемелдеуімен қайтару, жоғалған бағады іздеуге және қайтаруға көмектесу, ересек Сақтандырылған тұлға ауруханаға жатқызылған немесе қайтыс болған жағдайда 16 жасқа дейінгі сақтандырылған балаларды қайтару шығындары;
- 25) **өлімнен кейінгі репатриация** – Сақтандырылған тұлға қайтыс болған жағдайда оның сүйегін уақытша барған елінен тұрақты тұратын елінің халықаралық әуежайына дейін тасымалдау. Бұл ретте Сақтандырушы жерлеу қызметтері, көму, сондай-ақ тұрақты тұратын елінің ішінде мәйітті тасымалдау шығындарын өтемейді. Сақтандырылған тұлғаның мәйітін (сүйегін) репатриациялаумен байланысты шығындар:
- құқықтық рәсімдеу және мәйітті сою шығындары, халықаралық тасымалдау үшін талап етілетін табыт;
 - Сақтандырылған тұлғаның тұрақты тұратын елінің халықаралық әуежайына дейін мәйітті (сүйекті) тасымалдау.
- 26) **сақтандыру бағдарламасы** – сақтандыру жағдайы туындаған кезде өтелетін шығындар тізбесі. Сақтандыру бағдарламасы сақтандыру аумақтары, сақтандыру сомалары және сақтандыру кезеңдері бойынша бөлу кезінде Сақтандырушының таңдауына медициналық және сервистік қызметтердің белгілі тізбесін ұсынады.
- 27) **азаматтық соғыс** - бір елге қатысы бар, бірақ әртүрлі этностық, діни немесе идеологиялық топтарға тиесілі екі немесе одан да көп тараптар арасындағы қарулы қарсылық. Анықтамаға мыналар кіреді: қарулы көтеріліс, төңкеріс, үкіметке қарсы насихат, бүлік, мемлекеттік төңкеріс, әскери жағдайдың салдары.
- 28) **жазатайым оқиға** – адамның еркінен тыс, Сақтандырылған тұлғаның ағзасына сыртқы механикалық, электрлік, химиялық немесе термиялық әсер етудің нәтижесінде туындаған, денсаулыққа зиян, жарақат келтірген немесе өлімге әкелген күтпеген, қысқа мерзімді оқиға.
- 29) **дене жарақаттары** - сақтандыру қорғанысының күші қолданылатын кезеңде туындаған жазатайым оқиғаның салдарынан Сақтандырылған тұлғаның ағзасының физикалық тұтастығының бұзылуы.
- 30) **тасымалдаушы** – әуе, теміржол, теңіз көлігімен, автокөлік құралдарымен жолаушыларды тасымалдайтын, осы қызмет түріне лицензиясы бар және оларды тұрақты кестемен жүргізетін заңды/жеке тұлға.
- 31) **рецепт** – медициналық препараттардың тізбесі, мөлшері және қабылдау тәртібі бойынша Сақтандырылған тұлғаға дәрігердің жазбаша кеңесі.
- 32) **шұғыл медициналық көмек** – өмірге қауіп төндіретін жағдайлар, сондай-ақ дереу медициналық араласуды талап ететін жағдайлар туындаған кезде медициналық қызметтерді ұсыну.
- 33) **уақытша баратын елі** – азаматтығы сақтандырылған және (немесе) сол жерде тұрақты тұратын елдерді қоспағанда, Сақтандыру шартында көрсетілген және сақтандыру аумағына кіретін ел.

- 34) ересек Сақтандырылған тұлға ауруханаға жатқызылған немесе қайтыс болған жағдайда – 16 жасқа дейінгі сақтандырылған балаларды эвакуациялау - сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде сақтандыру аумағында ересек Сақтандырылған тұлға ауруханаға жатқызылған немесе қайтыс болған жағдайда, Ассистанстың балалардың Қазақстан Республикасына шығуын ұйымдастыруы.
- 35) **дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым (бұдан әрі - ұйым)** - акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Ұлттық Банкке тиесілі коммерциялық емес ұйым. Ұйым “Сақтандыру қызметі туралы” Заңның және сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының жекелеген заңдарының негізінде сақтандырудың міндетті және ерікті түрлері, қайта сақтандыру, бірлесіп сақтандыру, бірлескен қайта сақтандыру дерекқорын қалыптастырады және жүргізеді.

2. САҚТАНДЫРУ НЫСАНЫ

- 2.1. Осы Қағидалар бойынша сақтандыру нысаны Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) Сақтандыру шартында және Сақтанушы таңдаған Сақтандыру бағдарламасына сәйкес медициналық және сервистік қызметтерді алуға жұмсаған шығыстарына байланысты Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) мүлдіктік мүдделері болады, ол Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру аумағында болған кезеңде өткір кенеттен сырқаттану немесе жазатайым оқиға салдарынан туындаған.

3. САҚТАНДЫРУ СУБЪЕКТІЛЕРІ

- 3.1. Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті кәмелетке толған азаматтары, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдік азаматтар, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдар және кез келген ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлғалар Сақтанушы бола алады.
- 3.2. Егер Сақтанушы жеке тұлға болса, 3.5-тармақшаның талаптарын ескеріп, бір уақытта Сақтандырылған тұлға бола алады. 3.4. бұл ретте ол Сақтандырылған тұлға бағанында көрсетіледі. Егер ол Сақтандырылған тұлғалар тізімінде көрсетілмесе, онда Сақтанушы тек Сақтанушы болып қалады.
- 3.3. Сақтанушы Сақтандыру шартында Сақтандырылған тұлға ретінде басқа тұлғаны белгілей алады. Сақтандыру шарты бір Сақтандырылған тұлғаның пайдасына (жеке шарт) және бірнеше Сақтандырылған тұлғалардың (ұжымдық шарт) пайдасына жасалуы мүмкін.
- 3.4. Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетел азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдар Сақтандырылған тұлғалар бола алады.
- 3.5. Жоспарлы емдеу немесе оңалту мақсатында жасы 90 жастан асқан жеке тұлғалар, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кететін тұлғалар сақтандыруға қабылданбайды. Мұндай тұлғаларға сақтандыру төлемдері төленбейді.

4. ҰҒЫМДАР МЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨРСЕТІМДЕРДІ АНЫҚТАУ

- 4.1 Медициналық көрсетімдер – сақтандыру бағдарламасына сәйкес Сақтандырылған тұлғаның жүгінуіне себеп болған кенеттен ауруды диагностикалау және емдеу үшін медициналық қызметтерді және/немесе дәрі-дәрмектерді алудың объективті себептері мен шарттары.

- 4.2 Медициналық қызметтер мен дәрі-дәрмектер, егер бұл медициналық қызметтер мен дәрі-дәрмектер медициналық қоғамдастықта жалпыға бірдей танылған болса, Сақтандырылған тұлғаның ауруын диагностикалау және емдеу үшін қажет және жеткілікті болса, медициналық көрсетілімдерге сәйкес тағайындалған болып саналады.
- 4.3 Егер осы медициналық қызметтер мен дәрі-дәрмектер денсаулығының кенеттен нашарлауы немесе жарақаттануы кезінде көмек көрсету мақсатында нақты Сақтандырылған тұлғаны диагностикалау және емдеу үшін тағайындалмаған болса, медициналық қызметтер мен дәрі-дәрмектер медициналық көрсетілімдерге сәйкес тағайындалған болып саналмайды.
- 4.4 Шұғыл көрсеткіштер бойынша стационарлық емдеуді ұйымдастыру кезінде медициналық мекемені таңдауды компанияның немесе Сақтандырушының Ассистанс жұмыскері жүзеге асырады.
- 4.5 Шұғыл көрсетімдер бойынша стационарлық емдеу курсы барысында Сақтандырушы Сақтандырылған тұлғаны ауруханаға жатқызу себебіне (негізгі ауруға) байланысты диагностика мен емдеу өтеледі.

5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

- 5.1. Сақтандыру жағдайы сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімі ішінде және сақтандыру аумағында орын алған және нәтижесінде Сақтандырылған тұлғаның өміріне және/немесе денсаулығына зиян келтірілген кенеттен, тосыннан болған және күтпеген ауру және/немесе жазатайым оқиға болады:
- 1) шұғыл медициналық көмек, соның ішінде дәрігерлердің келуі және кеңес беруі, медициналық тексерулер;
 - 2) дәрігер тағайындаған медикаменттерге шығындар - белгіленген сақтандыру бағдарламасы лимитіне сәйкес;
 - 3) шұғыл стационарлық көмекті ұйымдастыру және көрсету бойынша шығыстар;
 - 4) стоматологиялық көмекке жұмсалатын шығындар, сақтандыру бағдарламасында белгіленген лимитке сәйкес - тістің және/немесе оның айналасындағы ауыз қуысының тіндерінің жедел қабынуынан туындаған өткір тіс ауруы немесе жазатайым оқиғадан туындаған тіс-жақ жарақаты;
 - 5) медициналық-көліктік көмек көрсетуге байланысты шығыстар, атап айтқанда Сақтандырылған тұлғаны жедел жәрдем машинасымен оқиға орнынан/сақтандыру жағдайы басталған жерден сақтандыру аумағындағы ауруханаға медициналық тасымалдау;
 - 6) Сақтандырылған тұлғаны Ассистанс ұйымдастырған Қазақстан Республикасына медициналық көшіру шығындары, егер:
 - стационарда болу бойынша шығыстар Сақтандырылған тұлғаның болжамды медициналық шығыстардың құны мен сақтандыру шартында белгіленген лимит сомасы арасындағы айырманы төлеуден бас тартқан жағдайда Сақтандыру шартында белгіленген лимиттен асып кетуі мүмкін;
 - уақытша болу елінде талап етілетін медициналық көмекті Сақтандырылған тұлғаға көрсету мүмкіндігі жоқ. Медициналық эвакуация оның қажеттілігі жергілікті емдеуші дәрігердің құжаттары негізінде Сақтандырушы дәрігердің қорытындысында расталған жағдайларда және медициналық қарсы көрсетімдер болмаған кезде ғана жүзеге асырылады;

- ауруханаға жатқызу себебінен ұзақ емдеу керек (2 (екі) аптадан ұзақ).
- 7) қайтыс болған Сақтандырылған тұлғаның мәйітін репатриациялау шығындары Сақтандырылған тұлғаның бағдарламасы бойынша сақтандыру сомасы шегінде тұрақты тұратын елдің халықаралық портына дейін мәйітті әуе тасымалдаушының тасымалдайтын нақты құны мөлшерінде өтеледі, атап айтқанда:
 - құжаттарды құқықтық рәсімдеу және мәйітті сою шығындары, халықаралық тасымалдау үшін талап етілетін табыт;
 - Сақтандырылған тұлғаның тұрақты тұратын елінің халықаралық әуежайына дейін мәйітті (сүйектерді) тасымалдау.
 - 8) ересек Сақтандырылған тұлға ауруханаға жатқызылған немесе қайтыс болған жағдайда, 16 жасқа толмаған Сақтандырылған балаларды Қазақстан Республикасына қайтару шығындары, атап айтқанда Ассистанс ұйымдастырған ұшу шығындары;
 - 9) жоғалған багажды іздеу және қайтаруға көмектесуді ұйымдастырумен байланысты шығындар;
 - 10) сақтандыру қорғанысы қолданылатын кезеңде Covid 19 коронавирустық инфекциясының алғаш рет диагностикаланған симптомдық ауруын стационарлық емдеуді ұйымдастыру және көрсету шығындары. Ауру азаматтың барған елінің емдеу хаттамасына сәйкес вирустық инфекцияның шағымдары мен клиникалық көріністері болған кезде симптомдық болып саналады.

5.2 Сақтандырушы өтейтін жағдайлар мен аурулардың тізбесі:

- 1) ессіз жай-күй;
- 2) айқын қан жоғалтумен ілесетін сыртқы қан ағуы;
- 3) ішкі қан кетулер және мүшелерге қан кетулер;
- 4) күйіктер мен үсіктер;
- 5) ағзаның анатомиялық тұтастығының бұзылуы;
- 6) жәндіктердің, жануарлардың тістеуі;
- 7) жазатайым оқиға нәтижесінде химиялық күйіктер мен улану;
- 8) тағаммен улану;
- 9) аллергиялық әсерлер (Квинке ісігі, Лайел синдромы, Стивенсон-Джонс синдромы);
- 10) сананың жоғалуымен белгісіз генездің құрысуы;
- 11) жіті хирургиялық аурулар;
- 12) жіті бүйрек жеткіліксіздігі;
- 13) жіті бауыр жеткіліксіздігі;
- 14) жіті ми бұзылыстары (инсульттер);
- 15) жіті тыныс жеткіліксіздігі;
- 16) жіті жүрек-қан тамырлары жеткіліксіздігі (инфаркттар);
- 17) гипертониялық криздер;
- 18) кез келген этиологиядағы есеңгіреу.

5.3. Сақтандыру шартымен сақтандыру жағдайларының басқа тізбесі көзделуі мүмкін.

6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНА КІРМЕЙТІН ЖАЙТТАР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ

6.1 Осы Қағидаларға сәйкес Сақтандырылған тұлғаның шығындары сақтандыру жағдайлары деп танылмайды:

- 1) соғыс, шапқыншылық, шет мемлекеттің дұшпандық әрекеттері, әскери немесе соған ұқсас операциялар (соғыс жарияланғанына немесе жарияланбағанына қарамастан) немесе азаматтық соғыс;
- 2) кез келген түрдегі халықтық толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер, халықтың көтерілісіне дейін өсіп жатқан азаматтық тәртіпсіздіктерге, бүлікке, азаматтық толқуға, әскери бүлікке, көтеріліске, әскери басып алуға немесе билік тартып алуға, тәркілеуге, реквизицияға немесе мүлікті мемлекеттендіруге, лаңкестік әрекеттерге;
- 3) ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті зақым әсері;
- 4) табиғи апаттар, жер сілкінісі, су тасқыны, сел, дауыл;
- 5) техногендік апаттар, зауыттардағы жарылыстар мен улы заттардың ағуы, құбырлардағы жарып өтулер немесе апаттар, зілзалалар, пойыздардың апаттары, кеме апаттары және т. б.;
- 6) қажетті қорғаныс және аса қажетті жағдайда жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының) сақтандыру оқиғасын тудыруға бағытталған не болмаса оның орын алуына себептесетін қасақана әрекеттері;
- 7) заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыста болатын Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының) қасақана қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері;
- 8) сақтандыру бағдарламасында көзделмеген тәуекелдер;
- 9) егер Сақтандыру шартында Сақтанушы көрсеткен сапардың мақсаты Сақтандырылған тұлғаның сапарының нақты мақсатына сәйкес келмесе;
- 10) Сақтандырылған тұлғаны өз қалауы/тілегі бойынша немесе дәрігерлердің нұсқамасы негізінде, бірақ Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) не Ассианстың қатысуынсыз және/немесе Сақтандырушымен жазбаша келісімінсіз кез келген басқа тұлғалар дербес ұйымдастырған көшіру/репатриациялау;
- 11) қайтыс болған ересек Сақтандырылған тұлғаның балаларын, жақын туыстарын не Ассианстың қатысуынсыз және/немесе Сақтандырушымен жазбаша келісімінсіз кез келген басқа тұлғаларды қайтаруды дербес ұйымдастыру.

6.2 Сақтандырудағы шектеу 90 жастан асқан адамдарға қатысты.

6.3 **Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуына мыналар да негіз болуы мүмкін:**

- 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру нысаны, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы мен оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді беруі;
- 2) Сақтанушының сақтандыру оқиғасынан келтірілген залалдарды азайту шараларын қасақана қолданбауы;
- 3) Сақтанушының залалды келтіруге кінәлі тұлғадан мүліктік сақтандыру бойынша залалдың тиісті өтемін алуы;
- 4) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау мән-жайларын тергеуге және келтірілген залалдың мөлшерін анықтауға кедергі келтіруі;
- 5) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламау немесе уақтылы хабарламау;

- 6) Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) алкогольдік, уытты немесе есірткілік мас күйінде жасалған немесе күшті әсер ететін дәрілік немесе психотроптық құралдардың әсеріндегі іс-әрекеттері;
- 7) Сақтанушының сақтандыру жағдайының орын алуына жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы. Егер сақтандыру өтемі төленген болса, Сақтандырушы оны толық немесе ішінара қайтаруды талап етуге құқылы;
- 8) осы Қағидалармен және Сақтандыру шартымен қарастырылған басқа жағдайлар.

6.4 Сақтандырушы келесі жағдайда сақтандыру төлемін төлемейді:

- 1) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының) жанама коммерциялық шығындары, жоғалған пайда түріндегі шығындар (айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы, өсімпұл), шығындар;
- 2) моральдық зиян;
- 3) Сақтандырылған тұлғаға ауруханада жоғары жайлылық жағдайларын ұсыну - жеке палата және люкс-палата, телефон, теледидар, кондиционер, шаштараз, уқалаушы, косметолог қызметтері, аудармашы қызметтері, палатада қызмет көрсету, еріп жүретін адамның болуы (палатада 3 жасқа дейінгі баламен болған жағдайларды қоспағанда);
- 4) Сақтандырылған тұлғаға шұғыл медициналық көмек көрсетуге арналған шығыстар уақытша болатын елдің қолданыстағы заңнамасына сәйкес Сақтандырылған тұлғаға қатысты әкімшілік жазаға немесе қылмыстық қудалауға әкеп соқтырған құқыққа қарсы іс-қимыл жасауға немесе жасауға тырысуға байланысты, қажетті қорғаныс шегінен асып кету жағдайларын қысқарту;
- 5) сот шығындары;
- 6) Сақтандырылған тұлғаның медициналық мекемеден сақтандыру аумағында уақытша тұратын жеріне дейін жедел медициналық жәрдем көлігімен сапардан басқа жол жүруіне арналған кез келген көлік шығыстары.

6.5 Сақтандырушы келесі жағдайларда сақтандыру төлемін төлемейді:

- 1) шұғыл медициналық көмекке жатпайтын және шұғыл жүгінген кезде емдеуші дәрігер тағайындамаған медициналық қызметтер көрсету;
- 2) созылмалы аурулардың өршуі/асқынуы жарақаттың немесе сақтандыру жағдайы деп танылған өзге де оқиғаның салдары болған жағдайларды қоспағанда, Сақтандырылған тұлғаның өміріне тікелей қауіп төндіретін жағдайларды қоспағанда, созылмалы аурулардың және олардың салдарларының, асқынуларының, сондай-ақ өршуінің салдары болады. Егер Сақтандырылған тұлға уақытша болатын елде медициналық көмек көрсеткен дәрігер белгілеген диагнозға дау айтса, онда ол Сақтандырушының жолдамасы бойынша Қазақстан Республикасының аумағында медициналық куәландырудан өтуге міндетті;
- 3) онкологиялық ауруларды (қатерсіз және қатерлі), олардың асқынулары мен өршуін, сондай-ақ оларды анықтау мерзімдеріне қарамастан диагностикалауды;
- 4) сақтандыру шартының қолданысы басталғанға дейінгі соңғы 6 ай ішінде емдеуді талап ететін ауруларды, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның сапар басталған күні болған ауруларды, осы ауруды шұғыл немесе терапиялық емдегеннен кейінгі кезеңде туындаған салдарды (асқынуларды);

- 5) Сақтандырылған тұлғаның толық сауығып кетпеу жай-күйі немесе оның шетелге кеткенге дейін емделу процесінде болуы, оның ішінде хирургиялық араласудан кейінгі жай-күйі;
- 6) профилактикалық вакцинацияларды және медициналық тексерулерді жүргізу;
- 7) психикалық аурулар, депрессия, психологтың қызметтері;
- 8) медициналық түзету техникасын таңдау және сатып алу: көзілдірік, контактілі линзалар, есту аппараттары, ілеспе медициналық тауарлар: мүгедектер арбалары, бандаждар мен балдақтар, протездер және т. б.;
- 9) косметикалық, пластикалық және реконструктивті-қалпына келтіру хирургиясының кез келген түрі, теріні трансплантациялау немесе қан тамырларының қызметін қалпына келтіру (күйік) қажет болған кезде сақтандыру жағдайы ретінде танылған оқиға нәтижесінде ағзаның анатомиялық тұтастығының бұзылуына әкелген оқиғаны қоспағанда;
- 10) күн сәулесінің салдарын, күнге күйіп қалуды емдеу;
- 11) АИТВ-инфекциясы, ЖИТС, жыныстық жолмен берілетін аурулар (ЖЖБИ, урогенитальды инфекциялар, соның ішінде олардың диагностикасы мен тексерілуі;
- 12) шипажайларда, ауруханаларда, демалыс үйлерінде және медициналық немесе шипажайлық-курорттық үлгідегі басқа да ұйымдарда емдеу, қамқоршылық күтім;
- 13) жүктіліктің, босанудың, жүктіліктің кез келген асқынуларының, сондай-ақ түсік түсірудің, оның ішінде 12 аптаға дейінгі мерзімдегі түсіктерді қоспағанда, өздігінен түсік тастаудың жай-күйі;
- 14) кез келген протездеу, имплантация, оның ішінде көз және стоматологиялық;
- 15) алдын ала вакцинациялаумен алдын алуға болатын және (немесе) Сақтандырылған тұлғаның тасымалдаушымен байланыста болғаннан кейін профилактикалық карантиндік іс-шараларды бұзуының салдары болатын жұқпалы аурулар;
- 16) сервистік компания дәрігерлерінің (Сақтандырушы өкілінің) пікірі бойынша қажеттілік пен жеткіліктілік шегінен асатын медициналық препараттарды тексеру, талдау, қабылдау;
- 17) медициналық тұрғыдан өмірлік маңызы жоқ қызметтерді ұсынуға байланысты шығыстар;
- 18) тістерді стоматологиялық емдеу (пломбаларды ауыстыру, косметология, ағарту, протездеу, винирлер), жіті тіс ауруы кезіндегі шұғыл көмекті қоспағанда;
- 19) өз-өзіне қол жұмсау немесе өзін-өзі өлтіруге тырысу, Сақтандырылған тұлғаның өз денсаулығына зиян келтіру;
- 20) сақтандыру аумағында алынған медициналық қызметтер үшін сақтандыру төлемін алу мақсатында Сақтандырылған тұлғаларға өз денсаулығына қасақана зиян келтіру;
- 21) жасанды ұрықтандыру, бедеулікті емдеу немесе мерзімінен бұрын ұрықталудың алдын алу;
- 22) жүргізуші куәлігі жоқ немесе мас күйдегі не есірткінің, психотропты заттардың және ұйқышылдықты, бағдардың бұзылуын, зейін қоюдың бұзылуын тудыратын десенсибилизациялайтын (седативті) заттардың әсеріндегі адамның көлік құралын басқаруы;

- 23) Сақтандырылған тұлғаның туысының өзін-өзі емдеуі, емдеуді тағайындауы және өткізуі;
 - 24) егер олар Сақтандырушы уәжілеттік бермеген дәрігердің әрекетінен туындаған аурулар болса;
 - 25) Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру жағдайы бойынша жүгінуіне байланысты алған дәрігердің нұсқамаларын орындаудан ерікті түрде бас тартуы және мұндай бас тартудың барлық салдары;
 - 26) келесі әдістермен емдеу және диагностикалау: иридодиагностика, аурикулодиагностика, жарық диагностикасы, құрғақ және су астында сүзінділер, флотинг-ванналар, қанның ультракүлгін сәулеленуі (УКС), аутогемотерапия, вакуумды терапия, мануалды терапия, шөппен емдеу, барокамерада емдеу, еңбек терапиясы, Фолль бойынша зерттеу, инфрадыбыстық терапия (ИФС), биорезонансты терапия, инемен рефлексті терапия, судағы ем-шаралар; бальнеология; балшықпен емдеу және т. б.;
 - 27) сақтандыру жағдайы Сақтандыру шартының әрекеті кезінде туындаса да, медициналық және/немесе басқа шығындарды Сақтандырылған тұлға өзі көтерген.
- 6.6 Сақтандырылған тұлғаның кәсіби немесе әуесқой спорттың кез келген түрімен, белсенді демалыс түрімен айналысуы, спорт элементтері бар іс-шараларға/ойын-сауықтарға қатысуы, дельтапланеризммен, парашют спортымен, авиациялық спорт/ойын-сауық түрлерімен, альпинизммен/жарға өрмелеумен, спелеологиямен, тыныс алу аппараттарын пайдалана отырып, су астында жүзумен, тау шаңғысында спорт/ойын-сауық түрімен, серфингпен, аңшылықпен, салт жүріспен, велосипед, мотоцикл, мопер және/немесе скутер (су мотоциклін) мініп жүрумен айналысуы салдарынан болатын шығыстары сақтандыру жағдайына жатпайды және өтелмейді.
- 6.7 Белсенді демалыс түрлерімен, кәсіптік спортпен шұғылдану салдарынан Сақтандырылған тұлғаның шығындары сақтандыру жағдайына кірмейді және өтелмейді. Бұл ерекшелік осы тәуекелдерді жаппайтын бағдарламаға қолданылмайды.
- 6.8 **Осы Қағидалардың шарттарына сәйкес** Сақтандырылған тұлғаның сервистік компанияға/Ассистансқа көрсетілетін қызметтерге жүгінуіне байланысты оқиғалар **сақтандыру жағдайлары деп танылмайды:**
- 1) сақтандыру кезеңі басталғанға дейін немесе сақтандыру кезеңі аяқталғанға дейін туындаған аурулар және олардың салдары;
 - 2) егер сақтандыру шартын жасасу сәтінде Сақтандырылған тұлға ауруханаға жатқызылған болса немесе сақтандыру аумағында болса;
 - 3) Сақтандырылған тұлғаның өміріне тікелей қауіп төндіретін кенеттен өршуді қоспағанда, кез келген созылмалы аурулар және олардың салдары мен асқынулары;
 - 4) алкогольизм, нашақорлық, уытқұмарлық, психотроптық препараттарды қабылдау;
 - 5) паразиттік және жұқпалы аурулар (гельминтоздар): аскаридоз, лямблиоз, анкилостомидоз, описторхоз, цестодоздар;
 - 6) қатерсіз өсінділер (аденома, миома, мастопатия және т. б.) және гиперпластикалық процестер (жатыр мойны эрозиясы, эндометриоз және т. б.);
 - 7) туа біткен аурулар (оның ішінде ақаулар мен даму ауытқулары);

- 8) тері аурулары (псориаз, экзема, қыналардың барлық түрлері, микоздар, алопециялар, витилиго, қышыма және т. б.);
- 9) цитомегаловирустық және герпестік инфекция, зең аурулары;
- 10) Крон ауруы, гепатиттер, бауыр циррозы, спецификалық емес ойық жаралы колит, дисбактериоздар, целиакия, аш ішек пен асқазанның ойық жарасы;
- 11) дене мүсінінің бұзылуын диагностикалау және емдеу: сколиоздар, кифоздар, лордоздар, майтабан;
- 12) қан тамырлары ауруы (облитерантты эндартериит, атеросклероз, аневризма, тамырлардың варикозды кеңеюі, тромбофлебиттер; Такаясу ауруы (спецификалық емес аортоартериит), Бюргер ауруы (облитерантты тромбангиит), варикоцеле, тік ішектің варикозды кеңеюі-геморрой;
- 13) көз аурулары: миопия, астигматизм, катаракта, глаукома, ретинопатиялар, аккомодацияның спазмы, торлы қабықтың бөлінуі түріндегі көз жарақатының қашықтағы салдары, қабақты уқалау және көз алмасының биостимуляциясы қызметтері. Көзді хирургиялық түзетумен, оның ішінде лазерді қолданумен байланысты шығындар, офтальмологияда аппараттық-бағдарламалық кешендерді пайдаланумен байланысты манипуляциялар;
- 14) оталар, косметологиялық емдеу және сыртқы келбеттегі кемшіліктерді немесе денедегі кемшіліктерді жоюмен байланысты басқа емдеу түрлері, жынысты хирургиялық өзгерту, салмақты түзету және т.б. Сақтандыру шартының әрекет ету кезеңінде туындаған оқиғаның салдарынан күйіктерді емдеу кезінде өткізілетін тері пластикасы бұған кірмейді;
- 15) тамақтану бұзылыстары мен зат алмасудың бұзылуын диагностикалау және емдеу: семіздік, несеп қышқылды диатез, подагра, дистрофия және т. б.;
- 16) эндокриндік ауруларды диагностикалау және емдеу; қант диабеті, қалқанша безінің аурулары және олардың салдары;
- 17) жүйелік аурулар (ЖҚЖ, түйіндік периартерит, жүйелік склеродерма, Бехтерев ауруы, Шегрен ауруы, Рейтер ауруы, ДОА, дерматомиозит, жүйелік васкулиттер, ревматизм және т. б.), сүйек жүйесінің аурулары (остеопороз, өкше сүйек сүйелі, дисплазиялар және т. б.), аутоиммунды аурулар (АИТ (жемсау), АИГ (гепатит), АИ қан ауруы және т. б.);
- 18) простатиттерді диагностикалау және емдеу;
- 19) бедеулікті, етеккір циклінің бұзылуын, импотенцияны диагностикалау және емдеу, контрацепцияның барлық әдістері, жүктіліктің 12 аптадан асқан кез келген асқынулары;
- 20) трансплантациялау немесе протездеу жөніндегі оталар, оның ішінде эндопротездеу, реконструктивтік оталар, тін мүшелерін трансплантациялау оталары, сондай-ақ осындай оталардың салдары;
- 21) Сақтандырушы өкілінің келісімінсіз коронарangiография, МРТ/КТ, диагностиканың қымбат және күрделі түрлерін жүргізуге байланысты медициналық шығыстар; сондай-ақ жүрекке хирургиялық араласулар (аортакоронарлық шунттау, стенттеу, жасанды ырғақ жүргізушісін орнату және т. б.);
- 22) көрінетін тұқым қуалайтын патологияны (ергежейлілік, жедел жыныстық жетілу), тұқым қуалайтын, гендік, хромосомалық ауруларды және туа біткен және жүре пайда болған даму ақауларын, БЦП диагностикалау және емдеу;
- 23) шұғыл шараларды қажет ететін өткір жағдайларды қоспағанда, аллергиялық созылмалы ауруларды диагностикалау және емдеу;

- 24) респираторлық аллергиялардың ремиссия кезеңінде қолданылатын терапевтік әдістер (мысалы, спецификалық гипосенсибилизация, гистамин терапиясы және вегетотропты терапия әдістері);
- 25) гемодиализбен емдеу, плазмореффузия және гемосорбция жүргізу, қанның УФО, барокамера, ішекті суару;
- 26) жасанды ырғақ жүргізушісін орнатуды қоса алғанда, хирургиялық араласуды қажет ететін жүрек, қан тамырлары, жүйке жүйесі ауруларын емдеу;
- 27) гепатоцеребральды дистрофия (Вильсон-Коновалов ауруы), Альцгеймер ауруы, Паркинсон синдромы, эпилепсия, балалардың церебралды параличі, жарақаттан кейінгі энцефалопатия;
- 28) дәстүрлі емес диагностикалау және емдеу әдістері: гомеопатия, гирудотерапия, мануалды терапия, рефлексотерапия, фитотерапия және табиғи дәрі-дәрмектермен емдеу;
- 29) кәсіби аурулар - ағзаға өндірістік ортаның қолайсыз факторларының әсерінен туындаған аурулар;
- 30) жедел және созылмалы сәуле ауруы;
- 31) кез келген этиологиядағы және белсенділік дәрежесіндегі созылмалы гепатиттер;
- 32) егер сақтандыру бағдарламасында өзгеше көзделмесе, қару алып жүруге рұқсат беру, жүргізуші куәлігін алу, сауықтыру мекемелеріне бару, оқу орындарына түсу үшін анықтамаларды ресімдеу, шетелге шығу үшін анықтамаларды ресімдеу мақсатында жүргізілетін медициналық тексеру;
- 33) Сақтандырылған тұлғаның қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде уақытша болатын елдің заңнамасын сақтамауы;
- 34) уақытша болатын елде Сақтандырылатын тұлғаларға арнайы рұқсаттар қажет болатын қызмет түрлерін жүргізу;
- 35) медициналық бұйымдарды (маскалар, ингаляторлар, градусниктер, мақта таңғыштары, лейкопластырь, клизмалар, креслолар, балдақтар, көзілдіріктер, тіс және құлақ протездері т. б.) сатып алу;
- 36) атипиялық пневмонияны, құс тұмауын емдеу;
- 37) егер Сақтандыру шартында, сақтандыру бағдарламасында көзделмесе, аурудың көріну белгілері болмай, Covid-19-ға тесттер жүргізуге байланысты шығыстар;
- 38) қан гормондарының деңгейін анықтау.

6.9 Мынадай медициналық препараттарды сатып алу сақтандыру өтеміне енгізілмейді (сақтандыру жағдайы емес) :

- 1) контрацептивті препараттар;
- 2) дәрумендер (көктамыр ішіне және бұлшықет ішіне қолдануға арналған дәрумендерден басқа);
- 3) туберкулезге қарсы препараттар;
- 4) биологиялық белсенді қоспалар;
- 5) гомеопатиялық препараттар;
- 6) анорексантты құралдар;
- 7) косметикалық құралдар;
- 8) биологиялық ынталандырғыштар (мысалы, адамтамыр тұнбасы және т.б.);
- 9) энзимдер (ас қорыту ферменттерінен басқа);
- 10) антидепрессанттар, ноотроптар.

6.10 Егер Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде Сақтандыру шарты 3.5-тармақта көрсетілгендердің біріне қатысты жасалғаны анықталса, мұндай

Сақтандырылған тұлғаға қатысты сақтандыру қорғанысының қолданылуы Сақтандыру шарты жасалған кезден бастап тоқтатылады.

7. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА

- 7.1. Сақтандыру сомасы – сақтандыру шартында белгіленген ақша сомасы, оның шегінде Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындауға жауапты болады. Сақтандыру сомасы – Сақтандырушының жауапкершілігінің шектік көлемі; кез келген жағдайда әрбір сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінің шекті мөлшері (жауапкершіліктің шекті көлемі) Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспайды.
- 7.2. Сақтандыру сомасы тараптардың келісімі бойынша Сақтанушы таңдаған Сақтандырылған тұлғалар санына, Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру бағдарламасы мен аумағына сүйене отырып белгіленеді. Сақтандыру сомасы сақтандыру мерзімі басталғаннан кейін өзгертіле алмайды. Сақтанушы таңдаған Бағдарламаға байланысты осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес қамту түрлері бойынша сублимиттер де қолданылады.
- 7.3. Сақтандыру шартында франшиза көзделуі мүмкін. Франшиза сақтандыру сомасының пайызымен не болмаса абсолют мөлшерде белгіленеді.
- 7.4. Франшизаның түрі мен мөлшері Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындағы келісім бойынша белгіленеді және Сақтандыру шартында көрсетіледі.
- 7.5. Франшиза бір сақтандыру жағдайы үшін немесе әрбір сақтандырылған тәуекел үшін белгіленуі мүмкін. Егер бірнеше сақтандыру жағдайлары немесе тәуекелдер орын алса, франшиза сомасы олардың әрқайсысы бойынша залал сомасын есептеу кезінде ескеріледі.

8. САҚТАНДЫРУ СЫЙАҚЫСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

- 8.1. Сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйақысының мөлшері Сақтандырушының ішкі құжаттарында белгіленген тарифтерге сәйкес есептеледі.
- 8.2. Сақтандыру сыйақысы қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз нысанда төленуге жатады:
 - 1) жеке тұлғалар үшін - біржолғы төлеммен;
 - 2) заңды тұлғалар үшін - егер Сақтандыру шартында өзгеше белгіленбесе, сақтандыру қорғау кезеңі 6 айға дейін болса, біржолғы төлеммен.
- 8.3. Сақтандыру сыйақысы (кезекті сақтандыру жарнасы) Сақтандыру шартында көрсетілген мерзімге дейін толық мөлшерде төленбеген жағдайда Сақтандырушы құқылы:
 - 1) кезекті сақтандыру жарнасын төлеу мерзімі өткен күннен кейінгі күннен бастап Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғаудың қолданылуын біржақты тәртіппен тоқтату. Бұл ретте Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысы (кезекті сақтандыру жарнасы) төленбеген күнге дейін болған сақтандыру жағдайлары бойынша жауапты болмайды;
 - 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде:
 - Сервистік компанияның сақтандыру төлемін толық көлемде жүзеге асыруға (бұл ретте Сақтандырушының Сақтанушыдан төлем сомасын, оның ішінде сот тәртібімен қайтаруды талап етуге құқығы бар);
 - егер Сақтанушы сақтандыру жағдайы бойынша шығыстарды өзі жүргізген болса, онда Сақтандырушы сақтандыру сомасының лимиті (егер сақтандыру бағдарламасының лимиттелген қызметі бойынша төлем

болса, бағдарлама бойынша сублимит) мөлшерінде дербес төленген шығыстарды өтеуді жүзеге асырады.

- 8.4. Сақтандырушы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес Сақтанушының ақшалай міндеттемелерін уақтылы орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.

9. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ.

- 9.1. Сақтандыру шарты жасалады:

- 1) тараптардың Сақтандыру шартын жасауы арқылы жазбаша нысанда. Сақтандыру шарттары Сақтандыру қағидаларының жекелеген ережелерін өзгертуді, алып тастауды, сондай-ақ Сақтандыру шартын жасасу кезінде айқындалатын қосымша талаптарды көздеуі мүмкін, бұл туралы Шартта тікелей көрсетілуге тиіс.
 - 2) Сақтанушыны осы Қағидаларға қосу және Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру полисін беруі арқылы жазбаша немесе электрондық нысанда жүзеге асырылады. Сақтандыру шартының және Сақтандыру полисінің нысандары Сақтандырушының ішкі құжаттарымен бекітіледі.
